

Аққулы ауданының Аққулы ауылдық округінде орналасқан "Жумабек" шаруа қожалығы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Аққулы ауданы Аққулы ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 1-04/2 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 22 қаңтарда № 6714 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Аққулы ауданы Аққулы ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 30 шілдедегі № 1-04/5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Аққулы ауданы Аққулы ауылдық округі әкімінің 30.07.2020 № 1-04/5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес және Аққулы ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 1-28/217 ұсынысы негізінде, Аққулы ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аққулы ауданының Аққулы ауылдық округінде орналасқан "Жумабек" шаруа қожалығы аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Аққулы ауданының ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Аққулы аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Павлодар облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің Аққулы ауданы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аққулы ауылдық округінің әкімі

А. Желдыбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Аққулы ауданының

ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік

және ветеринария бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

Н. Жолмағамбетов

2020 жылғы "16" қаңтар

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Ветеринариялық бақылау және

қадағалау комитетінің Аққулы

аудандық аумақтық инспекциясы"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

Г. Сағалов

2020 жылғы "16" қаңтар

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігінің

Тауарлар мен көрсетілетін

қызметтердің сапасы мен

қауіпсіздігін бақылау комитеті

Павлодар облысының тауарлар

мен көрсетілетін қызметтердің

сапасы мен қауіпсіздігін бақылау

департаментінің Аққулы ауданы

тауарлар мен көрсетілетін

қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін

бақылау басқармасы"

республикалық мемлекеттік

мекемесінің басшысы

Т. Сламбеков

2020 жылғы "16" қаңтар